

НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ

Біздің мемлекетімізде әлемдік тәжірибенің озық үлгілерін білім беру саласына енгізіп, заманауи ақпараттық технологияларды қолдану арқылы өзіндік ойлау дағдысы мен оқу біліктілігін қалыптастыру – білім берудегі басты факторлар болып саналады.

Осы міндеттерді жүзеге асыруда Қапшағай қаласындағы орта мектеп-гимназия ұжымы табысты еңбек етіп келеді. Мектеп-гимназия Елбасының «Жүз мектеп, жүз аурухана» бағдарламасы аясында салынып, 2008 жылы 13 қыркүйекте пайдалануға берілді. Ашылған жылы мектепке 1200 бала қабылданса, бүгінгі күні мектеп-гимназияда 1411 оқушы білім алып жатыр. Мектеп жанында «Күншуақ» шағын орталығы жұмыс жасайды, бес топта 125 бала тәрбиеленуде. 2012 жылдан бастап Назарбаев Зияткерлік мектебінің базалық мектебі болып тағайындалды, электронды оқыту жүйесі енгізілді. 2014 жылдан бастап Қазақстандағы ЮНЕСКО Қауымдасқан мектептерінің мүшесі. Мектепті Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің Құрметті қызметкері, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі, Ы.Алтынсарин төсбелгісінің иегері Нурсолтанова Сауле Қайырлықызы басқарады. Мектептегі оқу-тәрбие үрдісі НЗМ тәжірибесі негізінде құрылған.

Ұжымда 105 мұғалім және 10 тәрбиеші еңбек етеді. Оның ішінде 37 мұғалім жоғары санатты, 24 мұғалім бірінші санатты, 17 мұғалім II санатты.



Облыстық Жыл мұғалімі 2014 жеңімпазы Г. Кулжанова

27 мұғалімнің санаты жоқ, оның ішінде 12 жас маман бар. Барлық мұғалімдер мамандығына сай жұмыс істейді, маман емес мұғалім жоқ. Мектеп-гимназияның 28 ұстазы Педагогикалық шығармашылық орталығының деңгейлік курсының құжатымен сертификатталған: I деңгей бойынша – 9 мұғалім, II деңгей бойынша – 6 мұғалім, III деңгей бойынша – 12 мұғалім.

Мектеп-гимназияның материалдық-техникалық жағдайы білім үдерісінің мазмұнының жаңару парадигмасына сай білім беруге мүмкіндік береді.

Оқытудың ақпараттық-коммуникативті технологиясын енгізуге бағытталған 35 интерактивті тақтамен жабдықталған 65 оқу кабинеттері мен алты зертхана, оның ішінде үш мультимедия, үш информатика, арнайы жабдықталған физика, химия, биология кабинеттерінде GLX құрылғылары бар.

Мектеп кітапханасында 13 компьютер, барлық оқу кабинетіндегі компьютерлер интернет желісіне қосылған. Мектеп оқушылары мен мұғалімдері сабаққа қажетті мәліметтер мен деректерді, ақпараттар мен қосымша материалдарды ала алады. Сапалы білім негізін қалыптастыруда ағылшын тілі, орыс тілі сабақтарында «Пифагор» бағдарламасы жүйелі пайдаланылады. 2015-2016 оқу жылынан бастап «BilimLand.kz» ресурстарын пайдалану қолға алынған.

Мектеп-гимназия мұғалімдеріне оқушыларға жиырма бірінші ғасырда талап етілетін құзіреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған Педагогикалық шеберлік

Мектеп-гимназия мұғалімдеріне оқушыларға жиырма бірінші ғасырда талап етілетін құзіреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған Педагогикалық шеберлік

орталығының оқу мен оқытуға жаңа көзқарасты қамтыған бағдарламаларын оқыту мұғалімдер қауымдастығы арқылы жүзеге асырылуда. Құрамында I, II, III деңгей мұғалімдері және тәлім алушылар бар сегіз топ ұйымдастырылып, жұмыс ауқымы белгіленді. Әр шығармашылық топ онкүндік барысында ашық сабақ, шеберлік-сыныптар, коучингтер жүргізіп, тәжірибелерімен алмасады.

Сабақты зерттеу – Lesson Study – әдісін математика, орыс тілі, қазақ тілі, ағылшын тілі, бастауыш сынып сабақтарында кезеңімен бес шығармашылық топ ұйымдастыруда.

Оқушылардың білім деңгейін критериалды тұрғыда бағалау эксперименттік жұмысы 2015-2016 жылдары 9А, 9Ә гимназиялық сыныптарында жүргізіледі. Мұғалімдердің жұмысы сараланып, қорытынды шығарылады.

Тәрбие жұмысының басты міндеті – оқу мен тәрбиені Мәңгілік ел құндылығы негізінде біріктіре отырып, жас ұрпақ бойына сіңіру.

Көшбасшылық пен басқаруды дамыту бағыты бойынша оқушылар арасындағы «Жас өркен» өзін-өзі басқару ұйымы жұмыс істейді. Тәрбие саласы бойынша 4-7 сыныптар арасында «Шаңырақ» қауымдастығы құрылған, жұмыс жасап жатыр. 3-4 сыныптар арасында "Туған жерге тағзым" жобасы сәтті жұмыс атқаруда. Бұл жоба бойынша оқушылар Қапшағай аймағындағы тарихи жерлерді анықтап, зерттеу жұмыстарын жүргізуде.

Үштілділікті енгізу жобасы бойынша ағылшын тілі пәні мұғалімі Г.Нағасбекова әр аптаның жұма күндері «Ағылшын тілінде сөйлейміз» атты ағылшын күнін өткізеді. Бұл шара аясында мектеп оқушыларының ғана ағылшын тілінде сөйлеу дағдыларын дамытып қана қоймай мектеп ұстаздарының да ағылшын тілін үйренуге септігін тигізуде.



Мектеп директоры С. Нурсолтановаға ЮНЕСКО сертификатын тапсыру сәтінен

Қазақстан Республикасын да білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасының басты индикаторының бірі – халықаралық зерттеулер болса, 2014 жылы Халықаралық «TIMSS-2015» апробациялық зерттеуіне 4,8 сыныптардан 95 оқушы қатысты.

Бүгінгі таңда оқушылардың білім сапасын қорытындылаудағы аттестациялаудың бір түрі – ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижесі 2012-2013 оқу жылы – 100,2 балл, «Алтын белгі» иегері – 5, «Үздік аттестат» иегері – 1. 2013-2014 оқу жылы – 102,3 балл, «Алтын белгі» иегері – 7, «Үздік атте-

стат» иегері – 1. 2014-2015 оқу жылы – 99,9 балл, «Алтын белгі» иегері – 4, «Үздік аттестат» иегері – 2. 2015-2016 оқу жылы – 107,3 балл, «Алтын белгі» иегері – 7, «Үздік аттестат» иегері – 5. Жыл сайын бітіруші түлектердің 87,5 пайызы мемлекеттік грант иегерлері атануда.

Осы орайда өскелең ұрпақтың сапалы білім алуына сүбелі үлес қосып келе жатқан Қапшағай қаласы мектептерінің білім көшінің алдыңғы қатарындағы орта мектеп-гимназия ҰБТ тест тапсыру көрсеткіші бойынша 2009, 2010 жылдары ҚР Білім және ғылым министрі Б.Жұмағұловтың



Жаңа идеялар Республикалық жас мамандар конкурсы жеңімпазы А. Абдрахманова

Алғыс хатымен марапатталған. 2012 жылы мектеп ұжымы «Орта білім беретін үздік ұйым» грантының иегері атанды.

«Біздің жетістіктеріміз – еліміздің болашағы үшін деген қағиданы ұстанған ұлағатты ұстаздар кәсіби өсу жолында едәуір жетістіктерге қол жеткізіп, өркениетке нық қадам жасауда. Білімге құмарлық – ұлылыққа ұмтылудың бірден-бір жолы. Мұғалім – әлемнің ізгі мәдениеті мен рухани байлығын халыққа таратушы, жаңалықты жырлаушы, жоқты бар етуші, жастарды келешекке жетелеуші...» деген халық даналығының өзектілігі күннен-күнге арта түсуде. Мектептің жүрегі – мұғалім, білікті ұстаз. Республикалық «Үздік педагог» сайысында 2012, 2013, 2015 жылдары үш ұстаз жеңімпаз болып «Білім беру ұйымының үздік педагогы» төсбелгісімен марапатталып, арнайы грант иеленген.

2015-2016 оқу жылынан бастап «Тұран – анимациялық және инновациялық технологиялар бойынша білім беру орталығымен» келісім-шарт жасалып, мектеп-гимназиясының мектепке дейінгі оқыту тобы мен 7-сыныптар аралығында 230 оқушы ағылшын тілі және ағылшын тілінде математика, биология, география пәндерін ағылшын тілінде оқып қосымша білім алса, IELTS бағдарламасы бойынша – 25 оқушы білім алуда. Шығармашыл, ізденімпаз мектеп ұстаздарының озық іс-тәжірибелері облыстық



Ұстаздардың іс-тәжірибе бөлісу сәтінен

деңгейде таратылып, пән бойынша 8 авторлық бағдарламасы, тәрбие бойынша бір авторлық бағдарламасы, екі оқу-әдістемелік кешені, бір жұмыс дәптері бекітіліп, оқу үрдісінде қолданылуда.

Адамның ең ізгі қасиеттері мектеп қабырғасында қалыптасады. Сондықтан орта мектеп-гимназия оқушылардың жоғары шығармашылық және ақпараттық потенциалы мен мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамыту, рухани дамыған, зияткер тұлға тәрбиелеу бағытында жұмыс жасауда. Бүгінгі таңда табысты, жан-жақты дамыған тұлға тек білімді, мақсатына

жете білетін, адамгершілігі мол, әлеуметтік және кәсіби дұрыс таңдау жасай алатын жоғары білімді, білікті шебер ғана болып қоймай, сонымен бірге маңайындағы адамдармен тіл табыса алатын, ширақ ойлайтын, қиындықтарға мойымайтын, ортаға бейімделгіш және қоғамда өз орнын таба білетін тұлға болуы шарт. Білімді ұрпақты, ертеңіміз болар саналы азаматты тәрбиелеуді мақсат еткен мектеп-гимназия ұжымы алдағы уақытта да уақыт талабына сай еселі жұмысын жалғастыра бермек.

Гүлнар ҚҰЛЖАНОВА,
Қапшағай қалалық білім
бөлімінің әдіскері



Қызықты сергіту сәтінен

АННОТАЦИЯ

В статье методист Капчагайского городского отдела образования Г. Кулжанова рассказывает о жизни новой школы, построенной в рамках программы «100 школ, 100 больниц». Школа-гимназия – одно из лидирующих учебных заведений в городе, ежегодно выпускает медалистов и завоевала титул «Лучшая школа» в 2012 году.